



Жалағаш жаршшысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық ағемімізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Ел жаңалықтары

Қазақстанда шамамен 26 мың киік қырылып қалған. Оның 11 мыңы Батыс Қазақстан облысына тиесілі. Бұл туралы Экология министрлігі хабарлады. Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Нүркен Шәрбиев бұл жағдай табиғи норма шегінен аспайтынын айтты.

Киіктер жаппай қырылуда: министрлік мәлімдеме жасады



Оның мәліметінше, киіктердің жыл сайынғы табиғи өлімі жетімі популяцияның 15-20 пайызына дейін жетуі мүмкін. Қазіргі көрсеткіш осы нормадан аспайды.

Қазір барлық өңір бойынша 26 мың, соның ішінде Батыс Қазақстанда 11 мың киік қырылған. Ол жақта популяция тығыз орналасқан – деді ол. Министрлік дерегіне сүйенсек, киіктердің орташа өмір сүру ұзақтығы 5 жылға дейін, ал популяция 3-4 жыл ішінде жаңарып отырады. Төлдуге дейін Қазақстанда киік саны шамамен 3,9 млн бас деп бағаланған. Жаңа есеп маусым айында аяқталады. Министрлік бұдан кейін популяция 5 млн-нан асуы мүмкін екенін болжап отыр.

Сондай-ақ вице-министр киік санын реттеу мәселесі қарастырылып жатқанын айтады. Тиісті шешім биологиялық негіздеме мен ветеринарлық қорытындылардан кейін қабылданады.

Мұнай бағасы күрт төмендеді

Әлемдік нарықта мұнай бағасы күрт арзандады. Бұған АҚШ пен Иран арасындағы келіссөздерге қатысты хабарлар себеп болып отыр. Тараптар қақтығысты бәсеңдету және Ормуз бұғазын ішінара ашу мәселесін талқылауда.



Сауда барысында Brent маркалы мұнайдың құны барреліне 100 доллардан төмен түсіп, соңғы апталардағы ең төмен деңгейдің бірін көрсетті. Кей сәтте баға 97-98 доллар аралығына дейін төмендеген.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай қадам Таяу Шығыстан мұнай жеткізуге қатысты қауіптерді азайтады. Reuters мәліметінше, инвесторлар сәуір айында мұнай бағасы барреліне 120 доллардан асқаннан кейін пайдасын тіркей бастаған. Мамандар Ормуз бұғазы маңындағы шиеленісті бәсеңдетуі туралы көз келген белгі мұнай бағасына бірден қысым түсіретінін айтады.

Хантавирустың алғашқы белгілері қандай?

Хантавирус адамдар арасында жаппай таралатын індет емес. Бұл туралы қоғамдық денсаулық сақтау саласының мамандары мәлімдеді. Олардың айтуынша, дәл қазір Қазақстан тұрғындарына алаңдауға ешқандай негіз жоқ.



Хантавирустың негізгі тасымалдаушылары – кеміргіштер. Адамға инфекция ауру жануарлармен немесе олардың сілекейі, зәрі мен нәжісі арқылы жұғады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерлегінше, адамнан адамға жұғатын жалғыз штамм – «Андес» вирусы. Ол негізінен Латын Америкасы елдерінде тіркелген.

Мамандардың айтуынша, бұл штамм адамдар арасында тек ұзақ әрі тығыз байланыс кезінде ғана берілуі мүмкін. Көбіне мұндай жағдай отбасы ішінде немесе науқасқа күтім жасау барысында кездеседі.

Инфекцияның негізгі белгілері – дене қызуының 39-40 градусқа дейін көтерілуі, қатты бас ауруы, дененің сырқырауы, бет, мойын және кеуде тұсының қызаруы. Сонымен қатар іштің ауыруы, бөртпе шығуы және бүйрек тұсының сырқырауы байқалуы ықтимал.

Алдын алу үшін мамандар кеміргіштермен байланыстан сақтануға, олар жүруі мүмкін орындарға бармауға және жеке гигиена талаптарын қатаң ұстануға кеңес береді. Қоғамдық денсаулық сақтау орталығы басқарма төрағасының кеңесшісі Альберт Асқаров хантавирустың өлемін кеміргіштер көздерінен барлық өңірінде таралғанын айтты.

«ЖЖ» ақпарат

Ерлікке тағзым – ұрпаққа ұлағат



Көктемнің шуақты мамырымен бірге келетін жеңіс күні – ел жадындағы ең қастерлі мерекенің бірі. Бұл – от пен оттың арасынан аман өтіп, бейбіт өмірдің таңын сыйлаған батырлар рухына тағзым ететін, ерлікті ұлықтап, елдікті дәріптейтін күн. Жеңіс – тек бір ұлттың емес, тұтас адамзаттың ортақ қуанышы, жүрекке үміт ұялатқан тарихи белес. Сол бір сұрапыл жылдары Отан үшін от кешкен боздақтардың жанқиярлығы ешқашан ұмытылмақ емес. Бүгінгі бейбіт тіршілік пен мамыражай өмірдің әр сәтінде майдан даласында қыршын кеткен қаһармандардың қаны мен көз жасы жатыр.

Жалағаш ауданында 9 мамыр – жеңіс күніне арналған тағлымды мол тағзым ету шарасы өтіп, ел қорғаған ерлер рухына құрмет көрсетілді. Аудан орталығындағы «Ер есімі – ел есінде» монументі маңында өткен шарға аудан әкімі Ардақ Ибраимов, аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов, халық қалаулылары, құқық органдарының басшылары, тыл және еңбек ардагерлері мен ауган соғысы-

ның ардагерлері, «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының әкпідері, жастар мен аудан тұрғындары қатысты.

Ерлікке тағзым етуге жиналған көпшілік сұрапыл соғыс жылдарында Отан үшін от кешкен боздақтардың рухына тағзым етіп, ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Майдан даласында қаза тапқан батырларды бір минут үнсіздікпен еске алып, Құран бағышталды. Бұл ел үшін жанын қиған ерлерге деген құрметтің, кейінгі ұрпаққа ерлікті дәріптеудің айқын көрінісі болды.

Шара барысында аудан әкімі Ардақ Ибраимов жиналған жұртты жеңіс күнімен құттықтады.

– Жеңіс – батыр бабаларымыздың төндессіз ерлігі мен өлшеусіз жанқиярлығының жемісі. Біз бүгін тәуелсіз елде бейбіт өмір сүріп отырсақ, бұл – сол боздақтардың төккен қаны мен қайсар рухының арқасы. Ерлік ешқашан

ұмытылмайды. Батырлардың есімі ел жадында мәңгі сақталады. Олардың өнегелі жолы – жас ұрпаққа әрдайым рухани күш пен отансүйгіштіктің үлгісі, – деді аудан әкімі.

Тағзым ету шарасында майдангерлер мен тыл ардагерлерінің ел үшін атқарған еңбегі ерекше аталып өтті. Сұрапыл соғыс жылдарында елде қалған аналар мен балалардың, еңбек адамдарының төзімі мен табандылығы да Жеңіске қосылған өлшеусіз үлес екені айтылды. Аштық пен жоқшылықты бастан өткерсе де, тыл еңбеккерлері майданға азық-түлік, киім-кешек, қажетті құрал-жабдық жөнелтіп, Жеңіс күнін жақындатуға бар күш-жігерін салды.

Ресми мәліметке сәйкес, ауданнан Ұлы Отан соғысына 2316 азамат аттанған. Олардың 695-і елге аман оралса, 1621 жауынгер майдан даласында қаза тапқан. Бұл – әрбір шаңыраққа қайғы әкелген талай ананың көз жасына айналған ауыр жылдардың қасіретті шежіресі.

Бүгінде сол боздақтардың ерлігі – ел тарихының өшпес парағы. Батырлардың есімі жүректерде жатталып, ұрпақ жадында жаңғыра бермек.

Ұлы Жеңіс күні – тек өткенді еске алу ғана емес, бүгінгі бейбіт күннің қадірін ұғындыратын, ел бірлігі мен татулықтың маңызын дәріптейтін тағлымды мереке.

Тағзым ету шарасына қатысқан жастар да майдангерлер рухына бас иіп, батырлар ерлігін ұмытпайтынын жеткізді. Себебі елдің ертені жас ұрпақтың санасына сіңген тарихпен тағлыммен өлшенеді. Батыр бабалардың ерлігі мен отансүйгіштік рухы – кейінгі буын үшін мәңгілік өнеге.

Қазақ халқы «ер есімі – ел есінде» дейді. Расында ел үшін еңіреген ерлердің рухы ешқашан ұмытылмайды. Ұлы Жеңістің 81 жылдығына арналған бұл тағзым ету шарасы – өткенге құрмет, бүгінге тәубе, келешекке аманат болған тағлымды жинға айналды.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Өңір өнімі

Шұжық дайындаудың шебері

Қазіргі таңда ауыл жастарының кәсіпке бет бұрып, өз ісін ашуға деген ынтасы артып келеді. Мемлекеттік қолдау мен табандылықтың арқасында талай жас өз кәсібін бастап, ел игілігіне қызмет етуде. Соның бірі – отандық өнім өндіруді қолға алып, шағын кәсібін үлкен сеніммен дамытып келе жатқан жас кәсіпкер Гүлнар Берікқызы. Оның еңбекке деген құлшынысы мен отбасының қолдауы үйлесім тапқанын анық байқауға болады. Нәтижесінде шағын кәсібін алға өрлетіп, талай жанға үлгі болып жүр.



Ауыл тіршілігінің өзіне тән тынысы бар. Таңның атысымен басталатын қарбалас, күннің батысымен саябыр-ситын еңбек ырғағы, бәрі де өмірдің шынайы көрінісін айқындайды. Осындай қарапайым тірліктің ішінде үлкен мақсатқа ұмтылып, өз кәсібін деңгелентіп отырған жандар аз емес. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген халық даналығы осындай жандарға қарата айтылғандай. Жас кәсіпкер Гүлнар Берікқызының еңбекке деген құлшынысы мен табандылығы табысын еселеуге айтарлықтай сеп болған.

Былтыр жыл соңында кәсіпкер келішек іс бастауға бел булып, жастарға қолдау көрсететін мемлекеттік бағдарлама арқылы 4,5 миллион теңге көлемінде несие алып, өз ісін бастайды. Бұл жай ғана бастама емес, көптен бері көкейінде жүрген арманның жүзеге асуы еді. Ол үй жағдайында табиғи шұжық өнімдерін дайындауды қолға алып, шағын кәсібін үлкен сеніммен бастады. «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демекші, оның арманы алға жетеледі.

Бұл кәсіп Гүлнарға мүлде таңсық емес еді. Себебі оның анасы кезінде дәл осы іспен айналысқан. Анадан көрген өнеге, отбасылық тәжірибе – жас кәсіпкердің бойына сенім ұялатқан басты

фактордың бірі. Сондай-ақ нағашы апасының қолдауы мен ақыл-кеңесі де оның осы кәсіп түрін таңдауына себеп болды. «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» дегендей, ол отбасылық тәлімді өз ісіне арқау етті.

Алғашқы қадам әрдайым қиын болары анық. Кәсіптің алғашқы кезеңінде ол небәрі 3-5 келі көлемінде шұжық дайындап, оны ауыл тұрғындары мен туыстарына ұсынды. Бұл бір жағынан тәжірибе жинау болса, екінші жағынан нарықты бақылау еді. Алғашында жұрт жаңа өнімді бірден қабылдай қойған жоқ. Дегенмен уақыт өте келе табиғи, таза өнімге деген сұраныс артып, Гүлнардың еңбегі ақтала бастады. «Сабыр түбі – сары алтын» дегендей, төзім мен табандылық уақыт өте өз жемісін берді.

Бүгінде жас кәсіпкер өз ісін деңгелентіп отыр. Тұтынушылар саны күн сайын артып, оның өнімдеріне деген сенім күшейе түсті. «Еңбек ердің атын шығарады» демекші, маңдай тердің арқасында ол кәсіпкерлік саласында өз орнын таба білді.

Кәсіпін жетілдіру мақсатында кейіпкеріміз білім алуға да ерекше мән берді. Өзінің айтуынша, бастапқыда шұжық түрлері аз болғандықтан, арнайы шеберлік сабағын алуды мақсат етеді. Осы мақсатта «шұжықтар ханшайымы»

атанып кеткен Әлия ханымнан тәлім алып, шұжықтың жиырмадан аса түрін жасауды меңгеріп шығады. Бұл оның кәсібін жаңа деңгейге көтерген маңызды қадамның бірі болды. «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген нақыл осы тұста айқын көрінеді.

Қазіргі таңда Гүлнардың кәсібінә қажетті барлық жағдай жасалған. Ол өнім дайындайтын, пісіретін және ыстайтын үш түрлі пешті қолданады. Бұл құрылғылар оның өнім сапасын арттырып, өндіріс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беріп отыр. Аптасына бір рет 12 келіге дейін үй шұжығын дайындап, тұтынушыларға ұсынады. «Ісіңе қарай – нәсібің» дегендей, еңбегінің берекесін көріп отыр.

Гүлнар – тек кәсіпкер ғана емес, үш баланың анасы. Ол отбасы мен кәсіпті қатар алып жүрудің үлгісін көрсетіп келеді. Үйдің берекесі мен кәсібінің табысы қатар өріліп жатқанын байқауға болады. «Ырыс алды – ынтымақ» дегендей, оның жолдасы да бұл істе қолдау көрсетіп, бірге еңбек етіп жүр. Бұл – отбасының бірлігі мен түсіністіктің айқын көрінісі.

Кәсіпкердің өнімін тұрақты тұтынып жүргеннің бірі – кент тұрғыны Бағжан Әбілдаева. Ол Гүлнардың өнімдері туралы жылы пікір білдіріп, өнімдері өте таза, дәмді әрі қолжетімді екенін

айтады. «Ең бастысы, табиғи» дейді. Тұтынушы сенімі – көз келген кәсіптің басты тірегі. «Халық айтса, қалып айтпайды» дегендей, бұл – бір жағынан еңбектің бағалануы.

Ауылда отырып-ақ табысты кәсіп жүргізуге болатынын дәлелдеп жүрген Гүлнардың еңбегі – көпке үлгі. Оның табандылығы, ізденісі және адал еңбегі – жастарға жігер беретін жарқын мысал. «Еңбектің наны тәтті» деген сөздің шынайы көрінісін осы жерден көруге болады.

Бүгінде Гүлнар тек өз отбасының ғана емес, ауыл экономикасының да дамуына өз үлесін қосып келеді. Оның кәсібі – бір ғана адамның табысы емес, тұтас қоғамға пайдалы іс. Табиғи өнім өндіру арқылы ол халықтың денсаулығына да оң әсерін тигізіп отыр. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, мұндай еңбекті әрдайым дәріптеу қажет.

Қорыта айтқанда, Гүлнар Берікқызының кәсібі – еңбек пен сенімнің, табандылық пен ізденістің жемісі. Оның өмір жолы – арманына адал жандардың ешқашан ұтылмайтынын дәлелдейтін тағлымды тарих. «Талаптыға нұр жауар» дегендей, алға қойған мақсаты айқын жанның болашағы да жарқын болары сөзсіз.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Мектеп бітіргенімізге – 40 жыл. Уақыт деген жүйрік екен. Кеше ғана мектеп партасында асыр салып ойнап жүрген бала едік, бүгін міне, мектеп бітіргенімізге 40 жыл толып отыр. 40 жыл – бір адамның ғұмырына татитын үлкен бөлес. Сол бөлестен өткен сайын адам өткеніне үңіледі, балалық шағын, ұстаздарын, тәрбие берген аяулы жандарды сағыныспен еске алады екен. Біздің жүрегімізде ерекше із қалдырған, есімі құрметпен аталатын сондай ардақты жанның бірі – мектеп директоры болған Қожабай Бақбергенов ағай.

Қожабай ағай жай ғана мектеп басшысы емес, ауылдың ертеңін ойлаған көреген тұлға, шәкірт санасына еңбек пен білімнің қадірін қатар сіңірген нағыз ұстаз еді. Оның әрбір сөзі, әрбір ісі біз үшін тәрбие мектебі болды. Осыдан 40 жыл бұрын ағай бізге «Келешекте Жалағаш пен Ақсу қосылады. Екі ортасына егілген талдар көкпеңбек болып жайқалып тұрады. Бұл өңірдің болашағы жарқын болады, ел дамиды. Телефон деген дүниемен алыс жер жақындайды, адам алыста отырып-ақ тілдесетін болады» деп жиі айтатын. Ол кезде біз бала көңілмен бұл сөздердің тереңіне бойлай бермейтінбіз. Тіпті кейбірі қиял секілді көрінетін. Бірақ Қожабай ағайдың көзіндегі сенім, анық дауысы бізді еріксіз иландыратын. Бүгін сол сөздердің бәрі шындыққа айналғанын көріп отырмыз. Жалағаш пен Ақсудың арасы шынымен де бұрынғыдай алыс емес. Екі ортаға егілген талдар тамырын тереңге жіберіп, бүгінде көк шатырдай жайқалып тұр. Сол талдардың әр бұтағында біздің балалық шағымыздың табы қалғандай. Себебі ол талдарды егуге біз де қатысқан едік.

Ұстаз айтқан ұлағат — уақытпен үндескен ақиқат



Қожабай ағай бізді ертіп алып барып: – Еңбек пен білім – егіз ұғым. Білімді болу үшін еңбектену керек, еңбек еткен адам елге пайдасын тигізеді, – деп өз қолымызбен тал екіретін. Қолымызға кетпен ұстап, шұңқыр қазып, тал көшеттерін отырғызып жүрген сол күндер әлі күнге көз алдымызда. Біз ол кезде «жай ғана ағаш егіп жүрміз» деп ойладық. Сөйтсек, ұстазымыз біздің бойымызға туған жерге деген сүйіспеншілікті, еңбекке деген құрметті, келешекке деген сенімді егіп жүр екен. Сол жайқалған талдарға бүгін қарап тұрып, Қожабай ағайдың көрегендігіне таң қаламыз. Ол кісі тек ағаш

есірген жоқ, арман есірді. Ол кісі тек жол жиегін көгалдандырған жоқ, шәкірт жүрегіне үміттің дәнін септі.

Тағы бір таңданарлығы, ағайдың «алыс жерді телефон жақындатады» деген сөзі еді. Ол уақытта ауылда телефонның өзі таңсық. Біз үшін бұл ертегі сияқты болатын. Ал қазір қолымыздағы ұялы телефон арқылы әлемнің төрт бұрышымен сөйлесіп отырмыз. Сонда Қожабай ағай заман көшін бізден әлдеқайда ерте болғанын түсінеміз. Ұстаздың ұлылығы да осында шығар, ол бүгінмен ғана өмір сүрмейді, ертеңді де көреді.

Қожабай ағай бізге қатап тәртіпті де, адал еңбекті де, үлкенге құрмет, кішіге ізетті де үйретті. Оның мектеп ауласында нық басып келе жатқан сұлбасын көргенде оқушы атаулының бойын жинап алатыны әлі есімізде. Бірақ сол қаталдықтың ар жағында шәкірте деген үлкен мейірім, елге деген жанашырлық жатты. Бүгін міне, мектеп бітіргенімізге 40 жыл толып, өткенге көз салғанда біз Қожабай ағайдың айтқан әрбір сөзінің өмірлік сабақ болғанын анық сезінеміз. Біз екен талдар биіктеп өскендей, ағай екен тәрбие де біздің санамызда тамыр жайыпты.

Уақыт өтеді, ұрпақ ауысады. Бірақ ел үшін еңбек еткен, шәкірт жүрегіне сәуле сепкен ұстаз есімі ешқашан өшпейді. Қожабай Бақбергенов ағайдың өнегелі өмірі мен көреген сөздері біздің жадымызда мәңгі сақталады. Біз үшін ол кісі – өткеннің естелігі ғана емес, бүгінге жеткен ұлағат, ертеңге жол сілтер шамшырақ.

№116 орта мектептің 1986 жылғы түлектері

«Алкогольсіз ауыл»: 14 ауылда ішімдік сатылмайды



Жалағаш ауданында қоғамдық тәртіпті нығайтуға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстар нақты нәтижесін беріп келеді. Соның айқын көрінісі ретінде Мәдениет ауылдық округі «Алкогольсіз ауыл» мәртебесіне ие болып, аудан көлеміндегі барлық 14 ауылдық округ толықтай алкогольден бас тартқан елді мекендер қатарына қосылды.

Бұл бастама Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында аудан әкімдігі мен аудандық прокуратураның бірлескен жұмысының нәтижесінде қолға алынған маңызды жобаның бірі саналады. Аталған шараға аудан әкімінің орынбасары Ғалымжан Рахатов, аудан прокуроры Талғат Бектурсынов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Мақсат Баймағанбетов, Мәдениет ауылдық округінің әкімі Ардақ Оразбаев және ауыл тұрғындары қатысты.

Иә, жоғарыда айтып өткендей, ауданда қарасты барлық 14 ауылдық округ толықтай «Алкогольсіз ауыл» қатарына қосылды. Бұл жаңалық бүгінгі қоғам үшін

тосын көрінгенмен, қазақы таным үшін таңырқайтын таңсық құбылыс емес. Олай деуіміздің де жаны бар. Әйткені ұлтымыздың өзегі ықылымнан тәрбие мен тектілікке сүйенген.

Осыған дейін Жалағаш аудандық прокуратурасының бастамасымен аудан аумағындағы барлық ауылдық округте «Алкогольсіз ауыл» жобасы кезек-кезеңімен жүзеге асырылып, көшенді жұмыстар жүргізілген. Тұрғындармен түсіндіру шаралары ұйымдастырылып, ауыл ақсақалдары мен белсенді жастардың қатысуымен қоғамдық пікір қалыптастыру бағытында да бірқатар жұмыс атқарылды.



Баяғының қариясы «ұят болады» деген бір ауыз сөзбен бір әулетті қалай тоқтата алғанына таңданады. Заңнан бұрын ардан аттаудан қорыққаны бәлкім арда ұрпақтың, бүгінгі бастаманың тереңінде де сол темірқазық ұғым жатыр.

Жыл басынан жүргізілген талдау нәтижесінде соңғы бес жылда ауданда масаң күнде жасалған 80 қылмыс тіркелгені анықталған. Осыған байланысты тұрғындар арасында арнайы сауалнама ұйымдастырылып, ауыл халқының 87 пайызы аталған бастаманы қолдаған. Бұл – ел ішінде қауіпсіздік пен тыныштықты сақтауға деген ортақ жауапкершіліктің айқын көрінісі.

Қабылданған шаралар бүгінде өз нәтижесін беруде. Атап айтқанда, 2026 жылдың алғашқы төрт айының қорытындысы бойынша масаң күнде жасалған қылмыстар саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 55 пайызға төмендеп, 9 деректен 4 жағдайға азайған. Заңсыз алкоголь өнімдерін сатумен айналысқан тұлғаларға қатысты заң талаптарына сәйкес тиісті шаралар қабылданып, жауапкершілікке тартылуда. Бұл жұмыстар қоғамдағы құқықтық мәдениетті қалыптастырып қана қоймай,

тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де оң ықпал етуде.

Ертеректе ес білгені есікке құлып салынбады. Себебі елдің санасында обал мен сауаптың таразысы тең тұрды. Өзгенің ала жібін аттау ұялы тұрсын, үлкеннің алдын кесудің өзі өбестік саналғаны рас. Адамды тәртіпке қазаға бекітілген қағидадан бұрын тәрбие баулыды. «Алкогольсіз ауыл» бастамасы да осы орайда жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттап, береке-бірлігі бөкем, тәртібі мығым қоғам қалыптастыруға бағытталған маңызды қадамның бірі болды.

Бүгінде Жалағаш ауданындағы барлық ауылдың осы игі бастамаға қосылуы – елдік мүдде жолындағы ауызбіршілік пен ортақ жауапкершіліктің айқын жемісі. Келешек бүгінгі ауылды қалай еске алады? Ашы сұдан бойын алшақ ұстағаны үшін бе, әлде ұмыт бола бастаған құндылықтарын қайта тірілгені үшін бе? Бәлкім екеуі де. Себебі ұлттың өз тамырынан ажырап қалмауға жасаған қадамы – бүгінгі ғана емес, келешектің қамын ойлаған елдің таңдауы.

Гүлжан ЕСЖАН

Ұлттық спорт ұлықталды

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – жеңістің 81 жылдығына орай ұлттық спорт дәріптеліп, облыстық деңгейде ат бәйгесі өтіп, шабандоздар көкпар тартты. Жарыс ең алдымен Аққум ауылында бастау алды. Мұнда шабандоздар қазақтың ұлттық ойыны көкпарда салым салып, жүлделерді сарапқа салды.



Жылқы – малдың патшасы. Малдан да қымбат ноктасы. Қасиетті сол өңір. Бұрылса егер ат басы. Аттың басы теңіз жерге бұрылмайды, текті жерге бұрылады. Ұлттық спорт түрінің бірі бәйге Бұқарбай батыр ауылында дәріптелді. Иә, жылқы болған жерде бәйге де бар. Аудан атбегісі Әділбек Нұрмағанбетовтың 70 жасқа толуына орай ұйымдастырылған бәйгеге әр ауданнан атбасын бұрған 60 сәйгүлік келіп, өзара мықтылар анықталды. Бәйгеге қатысқан аттардың ішінде бұған дейін талай бәйгені қанжығалап, дүбірлі додаларда сыналып, қалың шаңның ортасында шашасына шаң жұтыпқан жүйріктер де бар.

Жарыс басында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов қатысушыларды Ұлы Жеңіс күні мерекесімен және мерейтой иесін құттықтап, ел игілігі жолындағы еңбегін атап өтті.

Дүбірлі дода тай, құнан және аламан бәйге болып үш топқа бөлінді. Ұлттық спортты ұлықтаған жарыс ең алдымен тай бәйгемен бастау алды.

Атқан оқтай зулап шыққан 22 сәйгүлік атшабарды дүбірге бөлеп, 4 шақырым қашыққа шабудан өзара мықтыны анықтады. Біріннен бірі өзуга ұмытылған шабандоздардың шабасы көрерменнің делебесін қоздырып, бәйгенің көркін қыздырды. Әсіресе тай жарыс аса тартысты өтті. Жеңіске деген жігері мен шабандоздардың қайсарлығы көпшілікті тәнті етті. Нәтижесінде мәреге алғашқы болып Бұқарбай батыр ауылының тұрғыны Мақсат Дауылбай тізгіндеген «Джамал» атты сәйгүлігі жеңіп, жеңімпаз атанды. Жүйрік иесіне ұйымдастырушылар тарапынан 150 мың теңге сыйақы табысталды.

Ал Таң ауылынан келген Бағланбек Кенжебекұлының «Кеусар» атты сәйгүлігі екінші болып келіп, 100 мың теңге иеленсе, үшінші орынды Тасбек кентінен келген Жақсылық Ернар тізгіндеген Асхат Пернебаевтың «Ақмандай» атты тұлпары қанағат тұтып, оған 50 мың теңге сыйақы берілді.

Бұдан кейін дүбірлі дода 8 шақырымдық құнан бәйгеге ұласты. Бұл



сыңға да 22 тұлпар қатысып, атшабарда нағыз тартысты бәсеке өрбіді. Құнан бәйгеді Нағыз Иглисов ауылының жүйріктері дара шауып, үздіктер қатарынан көрінді.

Атап айтқанда, Дулат Сүлейменовтың «Ақжүрек» атты тұлпары қарсыластарынан қара ұзіп шығып, мәреге бірінші болып жетті. Жеңімпазға 200 мың теңге табысталды. Ал екінші орынды «Лашын» атты тұлпар иеленіп, 150 мың теңгені қанжығасына байлады. Үздік үшінші Әділбек Әлиевтің «Найзағай» атты сәйгүлігі қорытындылап, оған 100 мың теңге берілді.

«Той қызығы соңында» демекші, көпшілік асыға күткен аламан бәйгеге де кезек келді. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атанды мақсат еткен шабандоздар 16 шақырым қашыққа бақ сынады. Аламан бәйгеге 12 ат қосылып, 8 айналым бойынша жарыс жолына шықты. Ат дүбірін көрерменнің қиқулаған дауысы атшабардың ажарын аша түсіп, шабандоздарға ерекше шабыт сыйлады.

Желмен жарысқан жүйріктердің ішінен Шиелі ауданынан келген Әбді-

ғани Шорабаевтың «Сыр жұлдызы» атты тұлпары дара шығып, мәреге бірінші болып жетті. Жеңімпазға 300 мың теңге табысталды. Ал батыр атындағы ауылдың «Ақжол» атты сәйгүлігі мәреге екінші келіп, 250 мың теңге иеленді. Үшінші орынды Қармақты ауданы Төймбет Көмекебаев ауылынан келген Жаңаберген Әбдірамановтың «Оригинал» атты сәйгүлігі иеленіп, оған 150 мың теңге берілді.

Айта кетейік, Бұқарбай батыр ауылында өткен дүбірлі додада топ жарған бәйгеді II орын иеленген «Ақжол» атты тұлпары – осы ауылдағы «Сәйгүлік» асылтұқымды жылқы селекциялау қожалығының қолтума төлі.

– Жылқыны бағып, баптап, бәйгеге қосу да – үлкен өнер. Мен бұл салаға бала күнімде әкем арқылы келдім, яғни менің әкем осы салада елеулі еңбек етіп, ат баптап, талай бәйгеді жүлделі орын иеленген. Ең алдымен бұл өнермен атам Нұрмағанбет, одан кейін әкем Қабланбек айналысып, ат баптап, оны бәйгеге қосқан Қазіргі

таңда бұл іспен менен бөлек, балам Рамазанда айналысуда. Бала күнімде мен де талай бәйгеді топ жарып, мәреге бірінші болып жеткенім. Бүгінгі бәйгеді де тай бәйгеге қатысқан «Джамал» мен «Аламан» атты сәйгүліктер бұған дейін де бірнеше бәйгеден жүлдемен оралған. Алдағы уақытта да үлкен додаларда топ жаратынына сенімдімін. Олар республика көлемінде өтетін бәйгелерге қатысуда. Қазіргі таңда асылтұқымды қолтума бәйге аттарды селекциялап, оларды әлемдік деңгейде кез келген жерде бәйгеге шабатын «Сәйгүлік» шаруашылығы құжаттандырып жатырмыз. Балкеріміз – Рамазан Қабланбек, ал шабандозымыз – Мақсат Дауылбай, – дейді ат иесі – Батырбек Нұрмағанбетов.

Ұлттық рухты асқақтатқан дүбірлі додада жүйріктердің шабасы мен шабандоздар шеберлігі көпшіліктің көңілінен шығып, аламанның ажарын аша түсті. Бәйге сонымен жеңімпаздар марапатталып, жиналған жұрт ұлттық спортты тамашалап тарқасты.

Сезім НҰР

Ауданда алғаш рет ауылдық спорт мектептері командаларының жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Бірнеше күнге жалғасқан дүбірлі додада еліміздің ер өңірінен келген жас футболшылар өзара бақ сынап, шеберліктерін шыңдады.

Футбол: аудан құрамасы жеңіс төрінде



Ауқымды спорттық іс-шараның жабылу салтанатына Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК футболдан мемлекеттік жаттықтырушысы Айдоос Байтенов, аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Жайдарбай Есенов, аталған бөлімнің сектор меңгерушісі Батырбек Мұқашев және «Наркескен» спорт клубының директоры Сағат Байділдаев қатысып, жас спортшыларға ізгі тілектерін білдірді.

Салтанатты жиында футболдан мемлекеттік жаттықтырушы Айдоос Байтенов мұндай чемпионаттардың жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруда, бұқаралық спортты дамытуда және талантты спортшыларды шыңдауда маңызы зор екенін атап өтті. Сонымен қатар жарыс барысында жас футболшылардың жоғары дайындық деңгейі мен жеңіске деген жігері ерекше байқалғанын жеткізді.

Жас аяқдоп шеберлері арасындағы тартысты бәсекеде аудан спортшылары атынан құрметті қонаққа естелі сыйлық табысталып, ұйымдастырушылар мен төрешілер алқасына алғыс айтып.

Айта кетейік, чемпионатқа Жамбыл, Түркістан, Маңғыстау, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстарынан және Жалағаш ауданынан жалпы 10 команда қатысып, 200-ге жуық жас спортшы жасыл алаңда өзара мықтыны анықтады.

Аяқдоп шеберлері сыңға түскен тартысты дода нәтижесінде жүлделі I орынды Түркістан облысының командасы иеленді. Ал II орынға аудан командасы тұрақтады. Сондай-ақ үздік үштікті Маңғыстау облысының спортшылары түйіндеді.

Жарыста үздік ойын өрнегін көрсеткен спортшылар арнайы номинациялармен марапатталды. Тарқатып айтсақ, «Үздік қақпашы» номинациясымен Түркістан облысынан келген Нұрсұлтан Перне марапатталды. Ал «Үздік қорғаушы» номинациясын аудан спортшысы Арнұр Ниетқұл, ал Нұрәділ Серік «Үздік сұрмерген» номинациясын иеленді. «Үздік жартылай қорғаушы» номинациясына маңғыстаулық Рамазан Қадырбай лайық деп танылды. «Үздік шабуылшы» номинациясы Шығыс Қазақстан облысынан келген Рамазан Тілеухановқа табысталды. Мұнан бөлек «Үздік ойыншы» номинациясын Түркістанның спортшысы Үміт Дүйсен марапатталды.

– Бүгінгі футбол ойыны өте тартысты өтті. Ес білгеннен футболға деген қызығушылығым өте жоғары болды. Үйде аға-ініммен, мектеп қабырғасында достарыммен үнемі футбол ойнаймын. Бұл ойынға қатысарда ағам екеуміз сабақтан тыс уақытта тыңғылықты дайындық жүргізді. Нәтижесі өзіңіз көргендей, аудан спортшылары II орынға тұрақтады. Қарсылас командалар осал болмады. Барлығы өте жоғары деңгейде дайындықпен келген. Ойын алаңында бір-бірімізге қарсылас болғанымызбен, ойыннан тыс жақсы тіл табысып, жаңа достар таптық, – дейді Арнұр Қанатұлы.

Тартысты бәсекеде жас спортшылар жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, жанкүйерлерге тартысты әрі асерлі ойын сыйлады. Осындай ауқымды спорттық шаралар жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға да өз үлесін қосуда.

Сезім НҰР

Фибрат

ШЫҢҒЫС ШЫҢЫ



Кім-кімнің де кір жуып, кіндік қаны тамған жері қымбат. Заманында ақ бас толқындары жағаны ұрғылап, көк жүзінде ақ шағалалары шаңқыл қағып, қазы мен бекіре балықтары сылаңдай жүзіп жүретін Аралдың жері киелі, елі кемел, қойнауы қазынаға толы қасиетті мекен. «Аралдың табанынан су кеткенмен, халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ» деп Бекұзақ ақын айтқандай, заманында топ бастаған текті тұлғалар ешқашан тасада қалмайды. Өмірінің бағытын бұрып, сара жолға салып жіберетін, оқығаны мен тоқығанынан ғұмыр бойына жетерлік нұр құйып беретін текті әулеттің бір тұяғы Дәуренбек Айбосынов есімді ақсақал болатын. Кезінде еменнің иір бұтағындай дарабоз тұлғаның ақ батасын алғанымды шексіз бақытқа балаймын.

Дәукең заманында балық колхозы басқарма бастығының орынбасары, балық зауытының партком хатшысы, ауылдық кеңестің төрағасы қызметтерін атқарып, артында өшпестей іс, өлместей мұра қалдырып, өсімін елі есіне мәңгілікке жазып кеткен. Ал жұбайы Ақбөпе отбасы, ошақ қасында жүріп 92 жыл ғұмыр кешіп, бүл өмірге төрт ұл үш қыз әкеліп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні сол Дәуренбек ақсақалдың қасиетті де киелі шаңырағы тұнып тұрған шөжірелі шаңырақ болатын. Осы шөжірелі шаңырақтың Шыңғыс тоқсан жастың шыңына шығып отырған жайы бар. Ал Дәуренбек ұлдары Кішкене мен Жақауды білмейтіндер кемде-кем болар. Кішкене Айбосынов партия, кеңес орғандарында басшылық қызметтер атқарып, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырса, Жақау Дәуренбеков – қарымды қаламгер, көрнекті жазушы. Ендігі сөз кезегін осы жазбаңыздың басты кейіпкері Шыңғыс аға Айбосыновтың өмір өткелдері мен көрген, көңілге түйгендеріне берелі...

Шыңғыс Дәуренбекұлы Айбосынов Арал теңізінің батысындағы «Үшкөл» аталатын балықшы ауылында 1936 жылдың мамыражай мамыр айында дүниеге келіпті.

Біздің ауылдың үш жағында үш көл болатын. Содан болуы керек, менің туған ауылым «Үшкөл» атауын алып, айдарын таққан. Ауылмыз ақ бас толқындары жағаны ұрғылап жататын теңіз жағасына қоныс тепкен. Айтқандай, ауылмыздың қас ортасында «Сарыбасат» атты балық зауыты болатын. Таң білінер-біліңбесте толқындар төскейіне ескекті қайықпен кеткен балықшылар көшпұрым қапал балықты зауытқа тапсырып, «балықшыны балықшы алыстан таниды» дегенді мұрат тұтқан балықшылар несібесін бабатын, – дейді ол.

Шәкең айтса айтқандай, теңіз бесігінде төртбетіліп өскен соң осы ауылдағы төрт жылдық бастауыш мектепті тәмамдаған соң әкесі Дәуренбек Сексеуіл станциясындағы Құлшай атты қызына өз қолымен тапсырады. Осындағы №423 орта мектептен дәріс алған ол Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтқа оқуға түседі. Тұрасын айтар болсақ, теңіз жағасындағы еңбекшіл балықшылар мен текті тұяқ әкесі Дәукеңнен тәлім-тәрбие алып өскен Шәкең ерте есейеді. Әр кезеңнің өз қағидасы бар. Шәкеңнің еңбек жолы Сексеуіл станциясындағы №423 орта мектепте ұлағатты ұстаздық жолынан бастау алды.

Әлі есімде, – дейді Шәкең өңгіме үстінде. – Сол кездегі Арал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Тәкей Есетовтың шақыруымен, Төкеннің мені аудандық партия комитетіне нұсқаушылық қызметіне ұсынысына қалайша келіспеске. Сонымен 1965 жылдан

бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін партия, кеңес органдарында жауапты қызметтер атқардым, – дейді ол. Салмақты да сауатты, білікті де білімді Шәкең қызмет баспалдағын жаза баспай, биік белестерге сатылап өрлей түседі. Аудандық партия комитетінде бар-жоғы бір жыл қызмет еткен соң ақ Алматы қаласындағы жоғары партия мектебіне оқуға жіберіледі. 1968 жылы оқуды тәмамдаған ол алдымен аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне нұсқаушы, содан соң ағарту кабинеті меңгерушісі қызметіне тағайындалды.

Шәкеңнің аса зор ұйымдастырушылық қабілеті мен көрегендігі, ел-халқы үшін жасаған жасампаз еңбегінің шырқау шыңы 1973 жылдың желтоқсан айының жетісі күні бастау алады, яғни ол облыстық партия комитетінің ұсынысымен Жалағаш аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімі меңгерушісі қызметіне тағайындалды. Шыңғыстың қызмет бабында шырқауына кезінде «хатшылардың классигі» атанған Қонысбек Төрешұлы Қазантаевпен он жыл бойы бірге қызметтес болуы да барынша ықпал еткен.

Көнекеңнің сол кезде айтқан – «Халық Құдайдан бір-ақ елі төмен. Содан да халыққа қал-палсыз қызмет ету – сіздер мен біздерге қарыз бен парыз», – деген тоқтам сөзі жүрегіме жазылып, күні бүгінге дейін құлағымда күмбір қағумен тұр, – деп еске алады Шәкең.

Шәкең іскер де талапшыл хатшының сынынан сүрінбей жүріп, аудан ахуалын жақсартуға қомақты үлес қоса білді. Қос тілді қоса меңгерген саяси сауатты сарабал жігітке Көнекеңнің артынан жүгі де жеңіл болмаса керек. Аудандық партия комитеті біоро мәжілісінің қаулысын, пленумдарда хатшының баяндамасын, облыстық алқалы жиындарда сөзін, қайсыбірін санамаалап айтарсың, жауапты құжаттарды дайындау он жыл бойы тек қана Шәкеңнің сүзгісінен өтіп отырған. Шаршау дегенді білмейтін. Тәртіпті ту етіп ұстаған. Ол әр күнін, әр сағатын қолмен қойғандай жоспарлы өткізумен өмір кешкен.

Шыңғыс Айбосынов 1988-1998 жылдары Жалағаш кенті әкімі, ал 1998-2003 жылдары «Жалағашмұнай» АҚ-ның президенті қызметтерін абыройлы атқарып, еңбек демалысына шығады.

Шыңғыс ағамыздың шырқауы, еңбек абыройына бөленуіне текті тұлғалар Мәралі Шәменов, Ұзақ Еспанов, Сұлтан Аманов, Қанарман Табынбаев, Сәйілбек Шаухаманов, Нәзтай Серманханова, Сәмит Далдабаев, Сейтнәби Мұқашев, Мақсұт Әбдіразақов, Ермағанбет Тұрабаев, Нағыман Назманханов, Төлеген Сұлөев, Молдағали Сариев, Тынбай Төлегенов, Асанбек Османов, Оңалбек Сәпиевтермен, т.б. қызметтес, түз-дәмдес болуы өз септігін тигізген де болар. Содан да Шыңғыс ағамды жапырағын жан-жаққа мол жайған емен ағашындай сезінемін. Бүгінде тоқсан жастың төріне шыққан қайырымы мен парасаты мол

аға кейінгі ұрпақтар үшін ұлағатты сөз айтып, олардың кемел келешегі үшін де аяндай басып келеді. Ендігі сөз кезегін Шәкеңнің екінші бір бітім-болмысына бергім бар.

Ағамыздың өзгеше өнеге ретінде айтатын тағы бір қасиеті – қарымды қаламгерлігі. Өмір – тәтті, миуа, шер, гүл мен бақыт бағы. Содан да өмірді сую керек, сүйіп қана қоймай, әлпештеп, әспеттеу керек. Шәкең өмірдің асылың, миуа-жақұттарың, береке-құтын адам өмірін әрілендіруге, нұрландыруға бағыштаған жүрек жазбаларын қалам алған қаламы мұқалған жоқ. Қайта ұшталып келеді. Зейнеткерлікке шығысымен көргендері мен көңілге түйгендерін ақ қағаз бетіне түсіріп, оқырманға тарту жасады. Атап айтар болсақ, оның «Қазантаев мектебі», «Тынбай Төлегенов», «Сыр елінің қайраткері», «Балықшы қыз», «Қаламгерлік», «Зейнеткерлік», «Егемендік» атты кітаптары оқырман жүрегіне жылы орын алған тұщымды туындылар десек, асыра айтқандығымыз болмас. Шәкеңнің Алматыдағы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Қазантаев мектебі» кітабын «Естелікке есті сөз» жазған қоғам және мемлекет қайраткері Сәйілбек Шаухаманов: – Қонысбек Төрешұлы Қазантаев жайлы кітап жазу өкінің бірі, егіздің сыңары түглі мыңның бірінің де қолынан келе бермейтін, құлашы жетіп құшағына, ұысына сия бермейтін, не бір мықтылардың да түйкелі жете бермейтін аса жауапты, қиын, мәртебелі де абыройлы жұмыс. Көнекеңтануды әрі қарай жалғастыру – тарихқа, уақытқа, халыққа, азаматтарға, бәрімізге аманат. Осы бағытта ізл, игілікті қадам жасап отырған Көнекеңді жақсы білетін, жақсы көретін, пір тұтатын, алғыр, талантты шөкіртінің бірі, бірегейі Шыңғыс бауырымызға сәттілік тілейік, – дейді.

Өткеннің күегері – уақыт. Шынымды айтсам, жауапты қызмет атқарып жүрген кезімде білмей істеген пендешілігіміз де болған шығар. Демек, өмірден көргенімді бен көңілге түйгенімді кейінгі ұрпақтарға ұлағат ету – бізге парыз. Содан да Жалағаш өңірінде өмір сүріп, елі үшін ерен еңбектің үлгі-өнегесін дарытқан тұлғалар жайлы жүрек жазбаларымды үш томдық етіп жарыққа шығардым. Сөйтіп мойнымдағы азын-аулақ қарызым мен парызымды өтегендеймін, – дейді Шыңғыс аға.

2014 жылы жарыққа шыққан «Зейнеткерлік» атты екінші кітабына алғы сөз жазған кезінде аудан әкімі Талғат Дүйсебаев: – Бүгінде арамдыда жүрген ардагер ағамыз, қаламынан көптеген тұщымды дүние тудырған сөз зергері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Шыңғыс Айбосыновтың бұл – бесінші кітабы. Автордың бұл кезекті кітабында ауданымыздың өткен тарихынан сыр шертіледі. Кітапты оқып отырған оқырман тарих қойнауына еніп, өткен күндерге сапар шегеді. Ендеше, келе жатқан үшін тынымсыз еңбек етіп келе ұрпақ қаламгердің бұл кітабы да

оқырманнан әділ бағасын алады деп сенемін, – деп жазады.

«Әке көрген оқ жонар, ана көрген тін пішер» деп атам қазақ айтқандай, Шәкең әкесі Дәуренбектің ұстанымын жалғастырып келеді. Марқұм Дәукеңнің қолынан жасы 95-ке келсе де газет-журнал кітап түспеген. Оны айтсаңыз, «көсем сөздің шебері» атанған Дәукең жинақтаған сарғайған кітап парақтары Шыңғыс мұрағатында сары майдай сақтаулы тұр.

Кезінде, – дейді Шәкең, – біздің әкеміздің үйі кітапхана болатын. Сол кездері кітап оқуға құмар ауылдастарымыз біздің үйге ағытылып келіп жатушы еді. Әке ұстанымын жалғастырып, кітап қорын жинауды біз де тұрмысымызға өндірік. Қазір жеке кітапханамда 3 мыңға жуық әдеби және саяси тақырыптардағы кітап қоры бар. Біз «кітап – жан азығы» деген қанатты сөзді құрметтеп өскен ұрпақпыз ғой...

Шыңғыс ағамыздың жапырағын жан-жағына мол жайған емен ағашы еткен марқұм Ауағұл жеңгеміз десек, асыра айтқандығымыз болмас. Олар ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған қара шаңырақтың қос бәйтерегі болатын. Үлкен ұлы Сөкен – күрелі саласындағы белгілі кәсіпкер. Пұсырман облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында бөлім меңгерушісі қызметін абыройлы атқарып, бүгінде кәсіптің несіп етіп жүрген жайы бар. Айтуғ. Айнур, Жанат ұлағатты ұстаздық жолында. Ал кенжелері Жошы – Жалағаш ауданы әкімдігінің бөлім меңгерушісі.

Айта кету керек, Шыңғыстың қай салада еңбек етсе де ерен еңбегі өскерусіз қалған емес. 1976 жылы оның кеудесінен «Күрмет белгісі» орден орнықты орын алса, бөртін келе «Лениннің 100 жылдығы», «Ұлы Отан соғысының 50-60-65-70 жылдығы», «Тыңның 50 жылдығы», «Ел Тәуелсіздігінің 10-20 жылдығы» мерекелік медальдарынан да қағыс қалдырылаған. Сондай-ақ кезіндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Бүкілодақтық лениншіл комсомол жастар одағының, оқу министрлігінің, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің, қайсыбірін санамаалап айтарсың, «Құрмет» грамоталары қарша бораған. Ал 2006 жылы Президенттің «Алғыс хатымен» марапатталған. Ол бүгінде Жалағаш ауданының құрметті азаматы атағын алып отырған жайы бар. Сондай-ақ Шәкең – Халықаралық Жазушылар одағы мен Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Қартаю – өмір заңы. Қарттықтың жауапкершілік жүгі ауыр. Қарттықтың болғанынан не пайда, егер осы дария, сөзі салмақты болмаса. Шынын айту керек, қарияларды өсіретін – кісілігі, кішілігі, ал өшіретін – пендешілігі. Айтса айтқандай, біздің Шәкең бүгінде өзінен үлкенге ілтипатты іні, кішіге риясыз аға болып, қан туыстығын емес, жан туыстығын іздеген қария болып, шөжірелі шаңырақтың шыңына шығып келеді. Ол кемеліне жетіп, ақылы мен парасатының арқасында айналасын жан шуағына бөлеумен жүр...

Еркін ӘБІЛ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Қазақстанның құрметті журналисі

Тыл ардагерлерін мерекелемен құттықтады



«Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында «Аманат» партиясы аудандық филиалының ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда аянбай еңбек еткен ардагерлерге құрмет көрсетілді. Ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде майдан даласындағы жауынгерлерге демеу болып, тылда тынымсыз еңбек еткен ардақты жандардың ерлігі мен еңбегі – кейінгі ұрпаққа өнеге. Олардың табандылығы, төзімі мен Отанға деген адалдығы бүгінгі бейбіт өмірдің негізіне айналды.

Партия филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева, мәслихат депутаттары Қуат Ахетов пен Гүлжайна Айтжанова, партия филиалының консультанты Ахан Кенжебаев пен бастауыш партия ұйымының төрағалары ардагерлердің шаңырағына арнайы барып, Ұлы Жеңістің 81 жылдығымен құттықтады. Сонымен қатар ел дамуына қосқан өлшеусіз үлесі үшін алғыс білдіріп, арнайы сыйлық табыстады.

Кездесуде ардагерлер өмір жолы мен еңбекке толы естеліктер айтып, оларға зор құрмет көрсетілді. Бұл – аға буынға құрмет және олардың жанқиярлық еңбегін ұлықтаудың айқын көрінісі.

Қай кезеңде де ардагерлерге құрмет көрсету – баршамыздың азаматтық парызымыз. Ұрпақ санасына отансүйіштік пен елге қызмет етудің маңызын сіңіруде мұндай тағылымды шаралардың орны ерекше.

«ЖЖ» ақпарат

Орман өрті — Сыр өңірі үшін өзекті мәселе

Соңғы жылдары табиғи апаттың ішінде орман өрті ерекше алаңдаушылық туғызып отыр. Бұл мәселе тек жаһандық деңгейде ғана емес, Сыр өңірі үшін де өзекті. Қызылорда облысының табиғи ерекшеліктеріне байланысты орман алқаптарының басым бөлігі Сырдария бойындағы тоғайлы жерлерден тұрады. Мұндай аймақтар өртке аса бейім келеді.



Ресми мәліметтерге сәйкес, Қазақстанда 2025 жылы 600-ден астам орман өрті тіркеліп, ондаған мың гектар жер зардап шеккен. Бұл мәселенің қаншалықты ауқымды екенін көрсетеді. Өңірлік жағдайға келсек, Қызылорда облысында да орман өрті жиі тіркеледі. Бұған дейінгі деректер бойынша, бір жылдың өзінде бірнеше өрт оқиғасы орман алып, ондаған гектар орман алқабы жанып кеткен. Мамандардың айтуынша, өңірдегі 50 мың гектардан астам тоғай алқабы өрт қаупі жоғары аймаққа жатады.

Өрттің негізгі себептері өзгеріссіз қалып отыр. Адамдардың салғырттығы – басты фактор. Сөндірілмеген өт, темекі тұқылы, ауыл шаруашылығы жұмыстары кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталмауы өрттің тұтануына әкеледі. Табиғи себептер – апаттық сәтсіздік, құрғақшылық, жел бұл жағдайды одан өрі ұшықтыра түседі.

Орман өрті тек табиғи байлықтың жойылуына әкелмейді. Ол экологиялық тепе-теңдікті бұзып, ауа сапасын төмендетеді, жануарлар дүниесіне зиян келтіреді. Кей жағдайларда елді мекендерге қауіп төндіріп, тұрғындардың қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

Осыған байланысты өңірде алдын алу шаралары күшейтілуде. Мәселен, «Өрт – 2026» республикалық оқу-жаттығулары аясында төтенше жағдайларға дайындық пысықталып, арнайы техника мен күш-құралдардың әзірлігі тексерілді. Бұл – қауіптің алдына алуға бағытталған маңызды қадамның бірі.

Дегенмен кез келген техникалық дайындық адам жауапкершілігін алмастыра алмайды. Орман – ұлттың табиғи байлығы. Оны сақтау – тек мемлекеттік органдардың емес, әрбір азаматтың міндеті. Табиғатқа нәмісқайылы қарау – ертеңгі күнге жасалған қауіп.

Орман өрті – көзге көрінбейтін, бірақ салдары ауыр апат. Қызылорда өңірінде бұл мәселе ерекше бақылауды талап етеді. Қоғамдық жауапкершілік пен тәртіп қана табиғатты сақтап қалудың кепілі бола алады.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

| ЖАЛАҒАШ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ Ш Е Ш І М | |
|---|---|
| ЖОБА | Барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүрулері туралы |
| «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Занының 6-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына және 47-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: | |
| 1. Ведомстволық бағынатынына қарамастан, Жалағаш ауданының барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүрулеріне қолданымсыз тарифтің 50 (елу) пайызы мөлшерінде жеңілдік құқығы беріледі. | |
| 2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. | |
| Жалағаш аудандық мәслихатының төрағасы | У.Елусинов |
| ЖАЛАҒАШКИЙ РАЙОННЫЙ МАСЛИХАТ РЕ Ш Е Н И Е | |
| ПРОЕКТ | О льготном проезде на общественном транспорте (кроме такси) обучающихся и воспитанников всех организаций образования очной формы обучения |
| В соответствии с подпунктом 2) пункта 1) статьи 6 и подпунктом 1) пункта 4 статьи 47 Закона Республики Казахстан «Об образовании» (далее – Закон) Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: | |
| 1. Предоставить право на льготный проезд на общественном транспорте (кроме такси) обучающимся и воспитанникам всех организаций образования очной формы обучения Жалағашского района, независимо от ведомственной подчиненности, в размере 50 (пятьдесят) процентов от действующего тарифа. | |
| 2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования. | |
| Председатель Жалағашского районного маслихата | У.Елусинов |

■ Құрмет
Мейіргер – мейірім шуағы



Аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов 12 мамыр – Халықаралық мейіргерлер күніне орай медицина саласының қызметкерлерін қабылдады. «Руханият» орталығында бас қосқан ақхалатты абзал жандарды мерекемен құттықтаған Фани Кенжеғараулы адамзат өміріндегі ең маңызды мамандық иелеріне ерекше алғысын жеткізді.

– Әлемде саналуан мамандық бар. Алайда олардың ішінде халықтың денсаулығын уақытпен санаспай күзеткен ақхалатты абзал жандардың орны ерекше. Халқымыз «бірінші байлық – денсаулық» деп текке айтпаса керек. Басымыз ауырып, балтырымыз сыздаса, ең алдымен сіздердің көмегіңізге жүгінеміз. Медицина жай ғана мамандық емес, ол – адам өміріне деген үлкен жауапкершілік. Сондықтан бұл сала иелеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Медицина саласының қызметкері болу оңай іс емес, шыны керек, екінің бірінің қолынан келмейді. Қиындықпен бетпебет келіп, науқастардың саулығын күзету үшін үлкен жауапкершілік пен біліктілік керек. Мейіріміз – науқасқа ең жақын әрі қамқоршы адам. Өйткені сырқат жанды ең бірінші болып күтіп алып, шығарып салатын – аялы алақан есі сіздерсіздер! Біздің ең қымбат байлығымыз өміріміз сіздердің кәсібиліктеріңізге байланысты. Білімі мен тәжірибесіңіз халық денсаулығын сақтауға арнап жүрген барлық медицина қызметкеріне алғысым шексіз. Жылдар бойы тапжылмай саналы ғұмырын салаға арнап, еңбегімен елдің ыстық ықыласына

бөленген әрбір ақхалаттының жүріп өткен еңбек жолы – көпке үлгі, – деді аудан әкімінің орынбасары.
 Медицина қызметкерлері кәсіби мұратын көтеру және оларды барынша қолдау – үнемі Мемлекет басшысының назарында. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен соңғы жылдары аудандағы денсаулық сақтау саласында ауыз толтырып айтарлықтай оң өзгеріс бар. Типтік үлгідегі жаңа аурухана, жаңа емхана аудан тұрғындарының денсаулығын жақсартуға оң ықпал етуде. Мәселен, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023 жылы Аламесек, Мырзабай ахун ауылында, 2025 жылы Қарақеткен елді мекендерінде жаңа емхана бой көтеріп, ел игілігіне табысталды. Сондай-ақ аудандағы денсаулық сақтау саласы 11 жедел жәрдем автокөлігімен толықты.
 Мереке күні қабылдау барысында салада ұзақ жылдар бойы атқарған елеулі еңбегі үшін 80 жасқа толған медицина саласының ардагерлері мен бірқатар үздік мейіргер облыстық денсаулық сақтау басқармасының, аудан әкімінің «Құрмет» грамотасымен, аудан әкімінің,

аудандық мешихат төрағасының, аудандық ардагерлер кеңесінің және аудандық аурухана бас дәрігерінің және Бастауыш кәсіподақ комитетінің алғыс хатымен, «Құрмет» грамотасымен марапатталды.
 Мұнан бөлек «SENIM» денсаулық сақтау саласы жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы республикалық қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалы төрағасының «Құрмет» грамотасымен және «12 мамыр – Халықаралық мейіргерлер күні» мерекесіне орай ұйымдастырылған «Үздік аурухана мейіргері», «Үздік ауыл мейіргері», «Үздік медициналық-санитарлық алғашқы көмек мейіргері» байқауына белсене қатысқан мейіргерлер де марапат төрінен көрінді. Сондай-ақ мереке қарсаңында ұйымдастырылған апталық қорытындысы бойынша «Ең креативті ұжым» номинациясымен жалпы тәжірибелі бөлім марапатталды.
 Мереке күні іс-шарада аудандық аурухананың бас дәрігері Еркебулан Мақсұтов пен сала ардагерлері құттықтау лебіздерін білдіріп, барша мейірімізге алғыстарын жеткізіп, бірқатар сала қызметкерін зейнеткерлік демалысқа шығарып салды.
 – Мейіргер болу – білім мен жан-жақтылықты талап ететін ерекше қызмет. Үнемі ізденіс үстінде жүретін адам өмірі үшін дер кезінде шешім қабылдай алатын маман. Сондықтан бұл мамандық үлкен жауапкершілікті талап етеді. Күн-түн демей, тіпті мереке күндері де

тұрғындар саулығын бәрінен жоғары қойып, олармен үнемі байланыста боламыз. Түрлі диагнозбен ауыратын әртүрлі науқастармен жұмыс жасаймыз. Олардың дертіне шипа тауып, сауығып кетуіне бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Үнемі ізденіс үстінде жүріп, білімімізді жетілдіріп отыру басты назарымда. Бүгінде тұрғындарға сапалы қызмет көрсету үшін емханамызда барлық жағдай жасалған. Заманауи емдеу ғимаратында қажетті құрал-жабдықтардың көмегімен жергілікті халыққа қызмет етіп келеміз. Әріптестерімді бүгінгі халықаралық мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Мереке қарсаңында еңбегімізді өлеп, құрмет көрсетіп жатқан аудан басшылығына мейіргерлер атынан үлкен алғысымыз білдіреміз, – дейді аудандық емхананың мейіргері Құндызай Мырзабекқызы.
 Айтпа кетейік, бүгінде ауданда 389 мейіргер бар. Оның 105-і ауруханада, 174-і емханада жұмыс жасайды. Сонымен қатар 90 мейіргер ауылдағы ағайынның саулығын жақсартуға өз септігін тигізуде. Мұнан бөлек 20 фельдшер бар.
 Салтанатты шара сала қызметкерлері мен Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінің өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаға ұласып, сала қызметкерлері бір-бірін кәсіби мерекелерімен құттықтап, көтеріңкі көңіл күйде тарқасты.

■ Маман мерейі

12 мамыр – Халықаралық мейіргерлер күні. Мереке қарсаңында аудандық емханаға аялдап, сырқаттанғанда жанымыздан табылып, тұрғындарға алғашқы болып көмек көрсететін ақхалатты абзал жан Ақмарал Есназарованың жұмысымен танысуды жөн көрдік.

Алғыс арқалаған Ақмарал



Ақмарал Қайырбекқызы – №6 аймақтың мейіргері. Жұмыс күні болғандықтан әдеттегідей дәрігерге қаралу үшін кезекте тұрған тұрғындар көп. Кейіпкерімізбен тілдесу үшін біз де кезек күтіп тұрғанымызда екі әжейдің бір-біріне осы аймақтағы ақхалатты жандар туралы айтып жатқанын естідік. Ақмарал тұрапы тұрғындар қандай ойда екенін білу үшін әжегелдің жанына жақындап, әуелі өзімізді таныстырып, аудандық газеттен арнайы келіп тұрғанымызды айтып, мейіргер жайында сұрадық. Жергілікті тұрғындарға адал қызмет көрсетуде өзінің білімі мен біліктілігін, тәжірибелі маман екенін бірнеше мәрте дәлелдеген кейіпкеріміз өз аймағындағы тұрғындардың ризашылығына бөленіп, алғыс арқалап жүр. Бұны онымен тілдесуге барғанда кезекте тұрған тұрғындардың әңгімесінен аңғардық. Сөздеріне сүйенсек, олардың мейірге алыстан басқа айтары жоқ.

– Қай уақытта қоңырау шалсақ та көмек қолын созуға дайын тұрады. Күнделікті бір мезгіл хабарласып, «Апа, денсаулығыңыз жақсы ма?» деп жағдайымызды сұрап жүреді. Дәрі-дәрмегімізді уақытылы жеткізіп, қалай қолдану керектігіне дейін түсіндіріп береді. Егде жастағы кісі болғандықтан кейде ұмытшақ боламыз. Сондай сәттерде де «Апа, дәріңізді уақытылы іштіңіз ба?» деп хабарласып, жағдайымызды жіті бақылауда ұстайды. Мақтағаным емес, бірақ осы күнге дейін көз келген сырқатқа дес бермей келе жатқанымыз әуелі Алланың, одан кейін мейіргер қызымыз Ақмаралдың арқасы. Оның аудан тұрғындарының денсаулығын жақсартуға жасаған еңбегі ерөн. Осы аймақта жұмыс жасап жатқанына біраз жыл болды. Сондықтан ол үйіміздің бір қызындай болып кеткен, – дейді көңіл тұрғыны Мария Нұрмаханова.

Ақмарал ақхалатты абзал жан болуды бала күнінен армандаған. Айтуынша, мектеп қабырғасында 5-6 сынып оқитын кезде аулада көрші достарымен ойнап жүргенде біреуі мүғалім, біреуі полиция қызметкері болса, ол үнемі «дәрігердің» рөлін таңдаған. Ойын барысында өзін бір сәт дәрігер сезінген ол мектеп бітірер шақ таяғанда бала арманын болашақ мамандығы еткен.

Ол еңбек жолын ең алғаш Байқоңыр қаласындағы туберкулезге қарсы орталықта мейіргер болып бастаған. Ал 2006 жылдан бастап аудандық емханада аймақтық мейіргер болып еңбек етуде. Бүгінде №6 аймақта 1918 халық бар. Кейіпкеріміз аймақтағы егде жастағы тұрғындардың денсаулығына жауапты. Оның басты қызметі – тұрғындарды тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіп, олардың диагноздарына қарай портал қызметі арқылы ауруханаларға ем алуына ықпал ету.

Кейіпкеріміз тұрғындардың көбіне қан қысымы, қант диабеті, қаназдық, жүректің ишемиялық аурулары сынды сырқаттармен жиі ауыратынын айтады. Сондықтан ол тұрғындарды дәрігердің қабылдауынан қашпай, дерт дендемес үшін уақытылы келуін қадағалап, жағдайы ауыр науқастардың жай-күйін үйіне барып тексереді.

Ақмарал Қайырбекқызы аудан тұрғындарымен тығыз жұмыс жасап, олардың денсаулығы үшін уақытпен санаспай жұмыс жасауда. Оның аймақ тұрғындарымен үнемі байланыс жасауының нәтижесінде тұрғындар дертіне дер кезінде шипа тапқан. Сондай-ақ ол әлемді жаулаған COVID-19 індетімен күресте халыққа алдыңғы легте жүріп қызмет еткен. Қауіпті індет қай-қайсымызға болса да оңай болған жоқ. Әсіресе ақхалатты абзал жандарға. Індет жұқтырып аулу қаупі жоғары болса да, сырқатпен ауырып жатқан жандармен тығыз байланыста болып, ауру өршіп, індет дендеген уақытта оның айығып кетуі үшін басын қауіпке тіккен.

– 2021 жыл пандемия кезі. Аймақ тұрғындарының басым көпшілігі қатты сырқаттанып, үйден шығуға қорқып қалған. Жұмыс уақытынан кейін кешкілік тұрғындар қажетті дәрі-дәрмек, витаминдер алу үшін кезекпен үйге келетін. Ол кезде менің аяғым ауыр, ішімде 4 айлық нәрестем бар. Жасыратыны жоқ, жолдасым «өзіңнің, болашақ сөбіміздің денсаулығын ойла» деп тұрғындарға екіе салуыма қарсы болды. Десе де мен қарсылық танытып, Алланың алдында Гиппократтың алдында қандай жағдай болса да мамандығына адал болуға ант бергенімді, науқастарға көмектесу керек деп түсіндіріп айтып, аймағымның тұрғындарына үйден қажетті дәрумендер салып бердім. Бірақ екініңше орай өзіме індет жұқтырып алдым. Салдарынан 3 апта ес-түссіз жаттым. Өзімнің жағдайыма қарап, іштей «мен тәуір болмаймын» деген жаман ой болды. Сөйтіп отбасыммен жақындарыммен қоштасып, балаларымды оларға аманаттап жүргенде Алланың шексіз құдіретінің арқасында аурудан құлғантаза айығып, жұмысыма қайта қосылдым, – дейді кейіпкеріміз.

Иә, Ақмарал пандемия кезінде көпшіліктің көңілін тауып, індеттің бетін қайтару жолында қажырлы еңбек етуде. Ол бұл індетті жеңіп шығуын аудан тұрғындарының алғасыз алғысымен, батасымен байланыстырады. Медицина саласында еңбек етіп келе жатқанына биыл 23 жыл толған білікті маман осында уақытта қаншама науқастың дерттен айығып кетуіне өз үлесін қосқан. Жастың да, қарттың да тілін тауып, емінен де, сөзімен де дертке дауа табатын ол көз келген науқасқа қолдау көрсетіп, өміріне қауіп төнген сәтте араша түседі.

Саналы ғұмырын денсаулық саласымен ұштастырған кейіпкеріміз осындай еңбегінің арқасында халықтың тек батасын алып келеді. Қайда жүрсе де тұрғындарға қолынан келген көмегін аямайтын Ақмарал уақытпен санасуды біледі. Халықтың алғысынан шабыт алатын ол жөне басына қауіп төнсе де, тұрғындар денсаулығын бәрінен жоғары қояды. Бұл сөзімізге саналы ғұмырын медицина саласына арнап, пандемия кезінде анттына адалдық танытқан қайсарлығы дәлел.

■ Шипа

Емхана ауылдағы ағайынның қажетіне жарап тұр

Аққыр ауылы аудан орталығынан шалғай орналасқанына қарамастан, бүгінде еңсесі биік, дамудың даңғыл жолына түскен елді мекеннің біріне айналды. Себебі соңғы жылдары мұнда халық игілігіне бағытталған жарқын жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Өздеріңізге белгілі, былтыр ауылда спорт көшені бой көтеріп, ел игілігіне табысталған болатын. Ал биыл ұзақ жылдар бойы сапасы сын көтермей келген ішкі көшелер күрделі жөндеуден өтіп, ауыл ажары айшықтала түсті. Мұндағы емханада тұрғындарға сапалы қызмет көрсетіп келеді. Елді мекенге жасаған сапарымызда ауыл емханасының тыныс-тіршілігімен танысып, халық денсаулығын жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға күз болдық.



200-ге жуық отбасы түтінін түтетіп отырған ауылдағы емхана 2014 жылы ел игілігіне табысталған. Содан бері медициналық нысан мыңнан астам халқы бар Аққыр ауылының қажетіне жарап тұр. Шағын ғимаратта орналасқан емдеу мекемесінде тіркеу орны, жалпы тәжірибелік дәрігер кабинеті, дәрігерге дейінгі тексеру, өңімді тексеру, егу және қадағалау бөлмелері бар. Мұнда 1 тәжірибелі дәрігер, 1 фельдшер, 8 орта буын, 8 техникалық қызметкер халыққа қызмет етеді. Емхана жұмысымен таныстырған мейіргер Эльмира Тайшықызы мұнда 5 орынды күндізгі емдеу стационары жұмыс істейтінін айтады.
 – Қажетті құрал жабдықтардың көмегімен денсаулығы сыр берген ауыл тұрғындарын аудан орталығына жібермей, мүмкіндігінше осы жақтан ем алуына жағдай жасауға тырысамыз. Жыл басынан бері 60 науқас күндізгі емдеу бөлімінен ем қабылдады. Көбіне тұрғындар бүйрек, қан қысымы, қант диабеті сырқаттары бойынша шағым айтып келеді. Ал балалар арасында қыста дене қызуының көтерілуі мен жазда іш өту

жағдайы жиі тіркеледі екен. Жыл басынан бері ауылда 5 келініш ана атанды. Аналардың да, балалардың да жағдайы бір-қалыпты, тұрақты бақылауымызда. Ай сайын жағдайын жіті бақылап отырамыз. Сондай-ақ 3 жүкті анамыз бар, – дейді ол.
 Мейіргер сұхбат барысында әдеттегідей жұмыс уақыты аяқталған соң кешкі сағат 20.00 шамасында жүкті анандан шұғыл шақырту түскенін айтады. Барса, аяғы ауыр келініштің жағдайы нашарлап, қан кетіп жатыр екен. Білікті мамандар науқасты дереу жедел жәрдем көлігімен аудан орталығына жеткізген. Ол жол бойы науқасты жағдайын жіті бақылауда ұстап, аман-есен аудан орталығына жеткізіп, сабын қолына алғанша қатты алаңдағанын айтады. Әкінішке орай дәл сол күні жауын-шашын қатты жауып, жедел жәрдем көлігі әдеттегіден жай жүруге мәжбүр болған. Десе де ақхалаттылардың адал еңбегі жемісін беріп, жүкті келінішке аман-есен сабын бауырына баққан.
 Айтпа кетейік, ауылда 14 жасқа дейінгі 216 жас болса, оның 68-і – 5 жасқа

дейінгі жасөспірім. Сондай-ақ мүмкіндігі шектелуі 30 тұрғын бар.
 Ауыл медицинасының әлеуетін арттыру мақсатында 2023 жылы емханаға жедел жәрдем көлігі табысталған. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, жедел жәрдемде жұмыс істейтін фельдшер тұрғындардан түскен шақыртуларға күн-түн демей барып, алғашқы көмек көрсетуге асығады. Әсіресе шұғыл жағдай орын алғанда алғашқы медициналық көмекті дер кезінде көрсетіп, ауыл тұрғындарының алғысына бөленіп жүр.
 Бір сөзбен айтқанда, ауылдағы емхана халық игілігіне толықтай қызмет етіп келеді. Емдеу мекемесінің жұмысымен танысу барысында күндізгі емдеу стационарында ем қабылдап жатқан тұрғындарды да жолықтырдық. Олардың бірі қаназдық диагнозы бойынша қажетті дәрумендер қабылдап жатқанын айтса, енді бірі қан қысымы жиі көтерілуіне байланысты дәрігердің тұрақты бақылауына да екенін жеткізді.
 – Ауылымыздың емханасы өте жақсы. Мұнда жұмыс істейтін дәрігерден бастап мейірікелерге дейін өз ісінің білікті

маманы. Басымыз ауырып, балтырымыз сыздаса, осындағы ақхалаттыларға келіп қараламыз. Олар толық тексеруден өткізіп, ем тағайындаған соң күндізгі емдеу бөліміне жатқызып, ем-шара жүргізеді. Кейде жұмыс уақытынан тыс қан қысымымыз көтеріліп кететін кездер болады. Сондай қиын сәттерде хабарлассақ, уақытпен санаспай жетіп келіп, қабақ шыптастан жағдайымыз тұрақталғанына қасымыздан табылады, – дейді ауыл тұрғыны Төлген Аймуратов.
 Шалғай ауылдағы ағайынның денсаулығын уақытпен санаспай күзеткен ақхалаттыларға тұрғындардың айтар алғысы шексіз. Себебі мұндағы білікті мамандардың көмегімен аққырлық ағайын дертіне шипа тауып жүр. Өз саласының қыр-сырын толық меңгерген мамандар да «ауылдағы ағайынның денсаулығын жақсартуға өз септігімізді тигізу – басты міндетіміз» деп біледі. Халыққа адал қызмет етіп, жұмыс күнін алғыспен аяқтайтын ақхалаттылардың еңбегі қашанда құрметке лайық.

Бетті дайындаған Сәзім НҰР